



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ



# ҚР БАСТАУЫШ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

АСТАНА

2024 ж.



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ

- Базалық құндылықтарды дарыту
- Цифрлық дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту
- Ерте жастан бастап кәсіби бағдар беру



## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МҰҒАЛІМДЕР СЪЕЗДЕРІ

- Сабақтастыққа, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру
- Оқу процесіне STEAM - және STEAM тәсілдерін енгізу
- «Бейнелеу өнері» және «Еңбек» пәндерін жеке пәндер ретінде оқыту
- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Орта ғасыр кезеңін оқытудағы сабақтастықты іске асыру



## САРАПТАМА «Оқулық» РҒПО ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК

- Ұлттық басымдықтары бар ХХІ ғасыр білім алушыларының қажетті білімдерін, дағдыларын, құндылықтарын көрсететін бірыңғай бағдарламаны әзірлеу
- Құзыреттілік, білім және дағдылар иерархиясын көрсету
- Мазмұнды концептілерді қосу

# 1-тарау. Жалпы ережелер

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
2. Жоқ	2. Осы Стандарттың талаптарын оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұнын әзірлеуде, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектепшілік бақылауда, педагогтерді аттестаттауда, оқыту нәтижелерін бағалауда, білім алушыларды қорытынды аттестаттауда және білім жетістіктеріне мониторинг жүргізуде орындау міндетті.	Білім беру ұйымдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың және уәкілетті білім беру органының білім беру сапасын қамтамасыз етудегі талаптарын есепке алу және салыстыру қажеттілігіне байланысты норманы бекіту мақсатында жаңа тармақ (2-тармақ) енгізілді..
3. Терминдер мен ұғымдар:	3. Терминдер мен ұғымдар <ul style="list-style-type: none"><li>• білім берудің базалық құндылықтары</li><li>• мазмұндық концептілер</li><li>• түйінді құзыреттіліктер</li><li>• метапәндік құзыреттіліктер</li><li>• пәндік құзыреттіліктер</li><li>• көптілді білім беру</li><li>• академиялық адалдық</li><li>• жеке оқу бағдарламасы</li><li>• ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу</li><li>• түзету-дамыту бағдарламасы</li><li>• ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке дамыту бағдарламасы</li><li>• түзету компоненті</li><li>• әлеуметтік GPA – білім алушының оқудан тыс әрекетке, қоғам өміріне қатысуы мен жетістіктерін, сондай-ақ қосымша білім беру нәтижелерін бағалау</li></ul>	"Білім туралы" ҚР Заңынан терминдердің қайталануын алып тастау және осы Негіздемелік құжатқа қатысты енгізілсін  «Әлеуметтік GPA» терминінің енгізілуі білім алушының академиялық үлгерімінен басқа білім беру ұйымының және/немесе әлеуметтік GPA – білім алушының оқудан тыс әрекетке, қоғам өміріне қатысуы мен жетістіктерін, сондай-ақ қосымша білім беру нәтижелерін бағалау қоғамның әлеуметтік өміріне қатысуы мен белсенділігін бағалау және ынталандыру қажеттілігіне байланысты.

# 1-тарау. Жалпы ережелер

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
4. Жоқ	4. Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Үлгілік оқу жоспарларының, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуына үздіксіз <b>мониторинг</b> жүргізіледі.	Білім беру сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін құрал ретінде стандартты іске асыру тиімділігінің мониторингіне қойылатын талаптар енгізіледі.
5. Жоқ	5. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Үлгілік оқу жоспарлары мен пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мониторингінің, білім алушылардың оқу жетістіктерінің, халықаралық салыстырмалы зерттеулердің, ғылым мен технологиялар жетістіктері мониторингінің нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың басымдықтары Бастауыш <b>білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу жоспарлары мен пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.</b>	

## 2-тарау. Білім мазмұнына қойылатын талаптар

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
<p>5. Бастауыш білім беру мазмұнында:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;</li><li>2) құрмет;</li><li>3) ынтымақтастық;</li><li>4) еңбек пен шығармашылық;</li><li>5) ашықтық;</li><li>6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.</li></ol>	<p>9. Білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) <b>тәуелсіздік және патриотизм;</b></li><li>2) <b>бірлік пен ынтымақ;</b></li><li>3) <b>әділдік пен жауапкершілік;</b></li><li>4) <b>заң және тәртіп;</b></li><li>5) <b>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;</b></li><li>6) <b>жасампаздық және жаңашылдық.</b></li></ol>	<p>Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында белгілеген негізгі құндылықтарға сәйкес базалық құндылықтар тізбесіне өзгерістер енгізілді.</p>

## 2-тарау. Білім мазмұнына қойылатын талаптар

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
<p>6. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:</p> <p>1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;</p> <p>2) сын тұрғысынан ойлау;</p> <p>3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;</p> <p>4) ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдана білу;</p> <p>5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;</p> <p>6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.</p> <p>9. Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.</p>	<p>7. <b>Бастауыш</b> білім берудің мақсаты – <b>базалық мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ету, құндылықтар негізінде пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.</b></p> <p>8. Бастауыш білім берудің міндеттері:</p> <p>1) сауатты сөйлеу, оқу, жазу және есептеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) функционалдық сауаттылықты, зерттеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>3) құндылық бағдарларын, дүниетанымын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;</p> <p>4) салауатты өмір салтына баулу, физикалық, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін, еңбекқорлығын дамыту.</p> <p>7. <b>Негізгі</b> орта білім берудің мақсаты – <b>базалық мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ету, құндылықтар негізінде пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді дамыту, болашақ мамандыққа даярлау.</b></p>	<p>Бастауыш білім берудің мақсаты білім берудегі өзгерістерді көрсететін көрсеткіштерге байланысты өзгереді. Оқушылардың халықаралық зерттеулеріне қатысу білім берудегі жаңа мақсатты өзірлеу үшін бағдар болып табылады.</p>
<p>Жоқ</p>	<p>10. Білім берудің мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында <b>тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени - әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық</b> түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.</p>	<p>Құзыреттіліктерді белгілеу білім алушының нақты нені игергенін, қандай білім, Дағдылар мен дағдыларды игергенін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Құзыреттілік деңгейін түсіну мұғалімге күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып, әр оқушы үшін жеке оқыту траекториясын құруға көмектеседі.</p>

## 2-тарау. Білім мазмұнына қойылатын талаптар

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
Жоқ	11. Құндылықтарға негізделген «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат» мазмұндық концептілері білім мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.	Мазмұнды концептілерді енгізу білім алушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру және метапәндік, негізгі құзыреттіліктерді дамыту қажеттілігінен туындайды.
Жоқ	12. Білім беру процесі <b>құндылыққа, тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативті, инклюзивті</b> тәсілдер негізінде іске асырылады.	Құжаттың әдіснамалық негізін анықтайды
21. Үштілді білім беру іс жүзінде: 1) қазақ, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру; 2) оқыту тіліне қарамастан жекелеген пәндерді қазақ, орыс және шетел тілдерінде оқытуды ұйымдастыру; 3) сабақтан тыс іс-әрекеттер мен элективті курстарды қазақ, орыс және шетел тілдерінде ұйымдастыру арқылы іске асырылады.	16. <b>Көптілді</b> білім беру тілдерді кезең-кезеңімен немесе қатарынан бірнеше тілді оқыту негізінде: 1) қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру; 2) қазақ, орыс және шетел тілдерінде сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.	«Үш тілде білім беру» термині «көптілді» білім берумен ауыстырылды, ол тілдерді оқытудың заманауи моделін толыққанды айқындайды.

# 3-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
Жоқ	34. Бастауыш білім беруде <b>қазақ тіліне ерте бойлату</b> бағдарламасын қолдануға болады.	Факультативтік курс есебінен Ана тілі мен мемлекеттік тіл бойынша білім алушыларды қолдау.
Жоқ	<p style="text-align: center;"><b>НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ:</b></p> <p><b>36. Орта білім беру ұйымдары «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салалары бойынша оқудан күтілетін нәтижелерге «Алгебра», «Геометрия» пәндерін «Математика» пәніне, «Физика», «Химия», «Биология» пәндерін «Жаратылыстану» пәніне, «Әлем тарихы», «Құқық негіздері» пәндерін «Әлеуметтік ғылымдар» пәніне кіріктіру (интеграциялау) арқылы қол жеткізе алады</b></p>	Пәнаралық интеграцияны іске асыру шеңберінде енгізіледі, сондай-ақ оқытуда сараланған және интеграцияланған тәсіл мақсатында ҚР Конституциясына сәйкес ұлттық мектептердің білім алушылары үшін оқытуды таңдау құқығы ұсынылады
Жоқ	<p style="text-align: center;"><b>НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ:</b></p> <p><b>37. Білім беру ұйымдарында:</b>  <b>1) орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда білім беру ұйымының таңдауы бойынша Үлгілік оқу жоспарларының оқу пәндерін қазақ тілінде;</b>  <b>2) білім беру ұйымының таңдауы бойынша «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндерін шетел тілінде оқытуға болады.</b></p>	



### 3-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Қолданыстағы МЖМБС	Ұсынылған МЖМБС	Негіздеме
40. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін де ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады.	46. Бағалау <b>инварианттық және вариативтік компоненттердің пәндері</b> мен курстары бойынша жүргізіледі	Критериалды бағалау жүйесіне сәйкес барлық пәндер мен курстар бойынша оқу жетістіктерін бағалау бойынша талап енгізіледі.
Жоқ	49. Білім алушылардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыру, ашықтық пен адалдықты қамтамасыз ету, әділ білім беру ортасын құру және білім беру сапасын арттыру мақсатында <b>академиялық адалдық қағидалары</b> енгізіледі.	Білім беру процесіне академиялық адалдықты енгізу бойынша талап енгізіледі.